

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Министерство национальной экономики Республики Казахстан Байғанин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы		Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы « 30 » мамырдағы №415 бұйрығымен бекітілген № 011/е нысанды медициналық құжаттама Медицинская документация Форма № 011/у Утверждена приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от « 30 » мая 2015 года №415
Индекс 030300		

Санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі №130

(Акт санитарно-эпидемиологического обследования)

Мен (Біз) (Мною (Нами)) Байғанин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының бас маманы З.Б.Дүсіп

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.), (должность фамилия, имя, отчество (далее – Ф.И.О))

Байғанин аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының атауы,
 наименование государственного органа санитарно-эпидемиологической службы),

мыналардың: (с участием)

тексеруге қатысқан басқа мамандарды көрсету керек (указать других специалистов, участвовавших в обследовании)

катысуымен

мыналар болғанда: (в присутствии) Миялы балалар бақшасы меңгерушісі Б.Мұңалова

лауазымды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға
 (должность, Ф.И.О должностного лица или индивидуального предпринимателя
 басшысының лауазымы, Т.А.Ә. немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә.
 или руководителя юридического лица или Ф.И.О. физического лица

Байғанин ауданы, с.Миялы

объектінің, заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы

наименование объекта, юридического лица или индивидуального предпринимателя) жоспардан тыс, шығыс

№71 18.08.2016 ж (кіріс №109 19.08.2016 ж) өтініші негізінде, бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының негізінде тексеру жүргізілді (проведено обследование).

(начато) 2016 жылғы (года) «23» тамыз 10 сағат (часов) 05 минутта (минут) басталды.

Тексеру кезінде мыналар анықталды (при обследовании установлено): Миялы бала бақшасы лайықтандырылып салынған, жеке жер бөлігінде орналасқан, ұйым ғимаратынан қызыл сызыққа дейін арақашықтығы 15 метр, аймағы қоршалған, абаттандырылған, көгалдандырылған, жарық беретін шамдарымен қамтамасыз етілген. Бала бақша аймағында келесі аумақтары бар: топтық алаңдар, дене шынықтыру алаңы, шаруашылық аланы, екпе ағаштарға орын, жаңбырдың су мен еріген қардың суын ағызу қарастырылған. Бөбектерге арналған алаңдар үй- жайға шығатын жерге жақын орналасқан. Алаңдардағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес және берік орнатылған. Шаруашылық алаңы оқшау, ас блогына және кір жуатын орынға жақын орналасқан. Бала бақша ғимаратына келетін жол, қоқыс жинайтын алаңдарға кіріп-шығатын жолдар асфальтпен жабылған. Қоқыс жинағыш ғимараттан 25 метр қашықтықта бетондалған алаңда орналасқан. Сумен қамтамасыз ету өздерінің құдығы арқылы, жылу жүйесі қатты отын пайдаланады от жағатын пеш арқылы. Санитарлық қондырғы далада орнатылған.

Бала бакша негізі 30 балаға есептелген, 30 бала тәрбиеленуде, балалар тығыздығы байқалмайды. Бала бакшада 1 топ; аралас топ. Топтың ұялары құрамына ұйықтайтын, ойнайтын бөлмелер бар. Қабылдау және шешінетін бөлмелер балалар мен қызметкерлерге арналған шкафтармен жабдықталған. Киім ілуге арналған шкафтарда жеке белгіленген ұяшықтар бас киімді қоюға арналған сөрелер мен сыртқы киімді ілетін ілгіштер қарастырылған, балалар сүлгісін ілетін ілгіштер орнатылған. Балаларға жеке бастың тазалығын сақтауға арналған заттар қоятын сөрелер, қол жуғыштар, кір киімге арналған белгіленген бак, түбек қоюға арналған шкаф қарастырылған. Жатын бөлмелер- жайы стационарлы кереуетпен жабдықталған. Кереуеттердің ұзындығы қолданыстағы стандарт талаптарына баланың бойы мен жасына сай. Төсек жабдықтары таңбаланған, сақтауға және пайдалануға қойылатын талаптары сақталған. Кір жуу үтіктеуге бір бөлме бөлінген. Ауа алмастыру жүйесі форточка және есік арқылы. Тікелей және бұрыштап желдету жұмыстыры балалар жоқта жасалынады. Ауаның температурасы бөлме термометрімен бақыланып тұрады. Үй- жайларды жинау жұмыстары бөлмелердің терезе көздерін ашу арқылы жуғыш заттарды қолдана отырып жүргізіледі. Еден күніне екі рет, ал балалар шкафтары жетісіне бір рет жүргізіледі. Күрделі тазалау жұмыстары айына бір рет жүргізіледі. Төсек әбзелдері мен сүлгілерін айырбастау оладың ластануына қарай жетісіне бір рет жүргізіледі. Кілемдер күн сайын шаңсорғышпен тазаланады. Топтарға арналған үстелдер тамақ ішер алдында және ішкеннен соң ыстық сумен жуылады. Топтардың күтушілерінің арнайы киімдері бар. Жарық жүйесі табиғи және жасанды, қыздыру шамдары қолданады. Бала бакшада ойыншықтарда сапа сертификаты бар. Ойыншықтар күніне екі рет ыстық сумен сабынмен щетка арқылы жуылады немесе екі пайызды ас содасының ерітіндісінде арнайы белгі салынған ыдыста жуылып, артынан сумен шайылады, ауада кептіріледі. Бала бакшада музыкалық залы бар. Спорттық залы жоқ. Кір жууға 1 бөлме бөлінген. Кір жуатын машинамен, үтікпен, жуу және зарарсыздандыру заттарымен қамтылған. Төсек әбзелдерін ауыстыру журналдары арналған. Әр төсек үшін 3 төсек әбзелдерімен 2 күстөсек тысымен арналған.

Ас блогы бөлек үй- жайда орналасқан құрамына: ас дайындайтын және жуатын бөлмемен жабдықталған. Асханада тағамдарды дайындау, өңдеу үшін 1 электр плитасымен, 1 мұздатқышпен, ас үй жихазымен жеткілікті мөлшерде жабдықталған. Бөлшектеуге арналған тақтайлары және арнайы пышақтары белгіленген, арнайы орында сақталған. Тамақ қалдықтарын металдан жасалған қақпағы бар шелекке төгіледі. Шелек екі-үштен көп емес көлемде толғанда тазаланады, 2 пайыздық кальцийленген сода ерітіндісімен жуылып, содан кейін ыстық сумен шайылады. Ас үй ыдыстары жәй сөрелерде, ұсақ керек жарақтар шкафтарда сақталады. Ас үй ыдыстарын жуу үшін 3 табақ бөлінген, белгіленген. Ыдыс жуу әдісі сақталған. Ас блогы үй жайларында күн сайын жуу заттарын қолдану арқылы тазалау жұмыстары, ал айына 1 рет барлық үй жайларды, құрал- жабдықтар мен саймандарды зарарсыздандыратын күрделі жинап- тазалау жұмыс түрі жүргізіледі. Бала бакшаға село орталығындағы сауда дүкенінен азық- түлік алынады. Бала бакшаға алынатын ет өнімінің ветеринарлық анықтамасы бар. Нан сақтайтын арнайы шкаф бөлінген. Балаларды тамақтандыру, өнімдердің құрамындағы негізгі тағамдық заттардың өсіп келе жатқан ағзаны физиологиялық қажеттіліктермен қанағаттандыратындай толық және әртүрлі болып, тағам тізімі бойынша ұсынылған жеті- он күндік ас- мәзірі негізінде құрастырылады. Белгіленген және бөлшектейтін құрал- сайманды қолдану арқылы шикі және піскен өнімдерді өңдеу жұмысы әртүрлі үстелдерде жүргізіледі.


Асханада 1 адам жұмыс жасайды, арнайы жұмыс киімімен жабдықталған. жеке бас гигиенасын сақтауға жағдайлар жасалынған. Қолжуғышпен, сабын, сүлгімен қамтылған. Асхана жұмысшылары 3 ауысымды арнайы киіммен қамтылған. Жұмысшылармен санитарлық минимум өтілген.

Мед кабинетке бір бөлме және оқшау бөлме бөлінген. Мед кабинеттің лицензиясы бар. Бөлме жабдықтарымен жабдықталған, журналдары арналып, толтырылған. Бала бақшада бір мед бике жұмыс жасайды. Қабылданатын бала алдын- ала медициналық тексерістен өтеді. Әрбір бала арнайы белгісі бар төсек әбзелдерімен, орамалдарымен, жеке бастың тазалығын сақтайтын құралдарымен қамтамасыз етілген. Балаларды терендетілген дәрігерлік байқаудан өткізу жүргізілген. Қортынды актісі бар. Бала бақшада барлығы 19 адам жұмыс жасайды, дәрігерлік байқаудан өткен жеке медициналық кітапшасы жұмыс орнында сақталған. Санитарлық минимумнан өткен. ҚР ҰЭМ ТҚҚК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Ақтөбе облысы филиалы Байғанин аудандық бөлімшесімен өндірістік бақылауға келісім-шартқа отырғызылған №003-21 13.06.2016 жылы және Дезинсекциялық және дератизациялық келісім шартқа отырғызылған №003-1224 25.07.2016 жылы.


Қорытынды (Заключение): Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сай.

санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің
(указать пункты нарушения требований санитарно-эпидемиологических правил и норм

және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптары бұзылған пункттерді көрсету керек
гигиенических нормативов и иных нормативных правовых актов)

Қолдары (подписи) бас маман З.Б.Дүсіп 
мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының лауазымды адамы
(должностное лицо государственного органа санитарно-эпидемиологической службы)

басқа да қатысқан мамандар, куәгерлер
участвовавшие другие специалисты, свидетели)

Тексеру кезінде болдым және актінің данасын алдым (при обследовании присутствовал, и экземпляр акта получил) Миялы балалар бақшасы меңгерушісі Б.Мұңалова 
занды тұлға өкілінің немесе жеке кәсіпкер немесе лауазымды тұлғаның лауазымы және Т.А.Ә.
(должность и Ф.И.О. представителя юридического лица или должностного лица или индивидуального предпринимателя)

Қол қоюдан бас тарту туралы белгі (отметка об отказе от подписи лица) _____
(окончено) 2016 жылғы (года) « 24 » тамыз 15 сағат (часов) 30 минутта (минут) аяқталды.
Акт (акт составлен в) 2 данада жасалды (экземплярах) « 24 » 08 2016 жыл (год)